



# Жалағаш



№54 (9941)

11 шілде  
сейсенбі  
2023 жыл

Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

## Жаршысы

### Білім жаңалықтары

Тестілеу орталығы 2023 жылы 31 қазанға дейін барлық бейнежазбаға талдау жасайды. Биыл ҰБТ кезінде ереже бұзған 312 талапкер аудиториядан шығарылып, нәтижелері жойылған. Бұл туралы ҚЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев мәлімдеді.

### 312 талапкер аудиториядан шығарылған



– ҰБТ өткізу барысында 402 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережені бұзғаны үшін аудиториядан 312 адам шығарылып, олардың нәтижесі жойылды. Кейбір тест тапсырушылардан жасырын камералар, микроқұлақпаптар, смартфондар және басқа да тыйым салынған заттар табылды, – деді Р.Емелбаев орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Ол биыл да ҰБТ кезінде «бір компьютер – екі камера – бір тестіленуші» қағидаты сақталғанын атап өтті. Тест тапсыру орнында негізгі камерадан басқа тестіленушінің дыбысын жазу және қозғалысын тіркеу үшін алдыңғы камера да орнатылған.

– Фронталды камераның ең басты негізгі мақсаты – жеке тұлғаны сәйкестендіру. Осы қолданылған шаралардың арқасында бөгде адамдардың кіруін болдырмау мүмкіндігіне ие болдық. Биыл ҰБТ-да бірде-бір бөгде тұлға анықталған жоқ, – деді орталық директоры.

Спикер барлық бейнежазбаға 2023 жылы 31 қазанға дейін талдау жасалатынын айтты. Егер тыйым салынған заттарды пайдалану фактілері анықталса, білім грантын иеленген талапкер грантынан айырылады. Бұл норма алғаш рет 2020 жылы қолданылған болатын. 2020 жылы бейнежазбаларды қайта қарау нәтижесінде 152 талапкердің, 2021 жылы 52, 2022 жылы 217 тестіленушінің нәтижесі жойылды. Бұл жұмыс биыл да жалғасады.

«ЖЖ» ақпарат

### Құрмет

## Еңбек еленген күн

ТІРШІЛІК КӨЗІН ҚАСИЕТТІ СУ ДЕП БІЛГЕН, ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫНА БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕГІМЕН ТЫНЫС БЕРГЕН, ТАБИҒАТЫН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ӨМІР ТІРЕГІ, ТІРШІЛІК ЖҮРЕГІ ДЕП ТАНЫҒАН, ТАЗА СУДЫ БАҚЫТЫНА БАЛАҒАН, ЖЕР АНАДАН ЫРЫС ТЕРГЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮГІН ТӨЛ МЕРЕКЕСІ. АЙТУЛЫ МЕРЕКЕДЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ САЛА АРДАҒЕРЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАП, ІЗГІ ТІЛЕГІН БІЛДІРДІ.

Қабылдауда аудан әкімі Асқарбек Есжанов алдымен ауданымыздағы бір-қатар атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

– Сала ардагерлері мен мамандарға адал еңбектері үшін ризашылық білдіргім келеді. Өңірде су шаруашылығын дамытуға баса назар аударылып, маңызды міндеттер іске асырылуда. Барша сала қызметкерлеріне зор денсаулық, шаңрақтарына береке, жұмыстарына табыс тілеймін. Соңғы жылдары ауданда ауыз су инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Өткен жылы Аққум және Мәдениет елді мекендерінде су тарату желілерін кеңейтуге 370 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілді. Сонымен қатар жаңадан ашылған «Ақтерек» тұрғын үй учаскесінде сумен жабдықтау жүйесінің және су тарату кешенінің құрылысына 883,3 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Осы ретте аудан тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтылып отыр. Дегенмен «судың да сұрауы бар» деген сөз бар, жасыратыны жоқ, соңғы уақытта су тапшылығы белгіленуде, сондықтан алдағы уақытта тіршілік көзін ысырап етпей, үнемі пайдалануымыз керек, – деді аудан әкімі.



Иә, судың тіршілік көзі екеніне ешкім де қарсы дау айта алмайды. Әсіресе ауыз судың адам баласы үшін маңызы зор. Оның үстіне жер қойнауында жасырынып жатқан осынау тіршілік көзін қанша екенін ешкім деп басып айта алмайды. Алайда осы саланы зерттеумен айналысып жүрген ғалымдардың пайымдауынша, оның мөлшері тым аз қалса керек. Сондықтан Мемлекет басшысы су саласын дамыту мәселелеріне көп көңіл бөліп, бірқатар стратегиялық міндеттер қойылды. Баршаға белгілі, Президент суармалы жер көлемін 2030 жылға дейін ағымдағы 1,6 млн гектардан 3 млн гектарға дейін ұлғайту жөнінде тапсырма берді. Бұл – ең алдымен жұмыс орындары, елдің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі. Бүгінде

ауданда ұзындығы 180 шақырымнан аса сумен қамтамасыз ететін және 200 шақырымнан астам қашыртық дренаждық жүйелер бар. Айтулы мереке қарсаңында тіршілік нәрін үйлестіруде қалтқысыз қызмет етіп жүрген сала ардагерлері мен білікті мамандар марапатталып, арнайы гүл шоқтары табысталды. Нақтырақ тоқталсақ, сала ардагері Марат Үмбетқұлова, аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі Айжамал Омароваға 63 жасқа толуына орай аудан әкімінің Құттықтауы табыстала, сала қызметкерлері Айман Мұхатова, Қайрат Байдуллаев, Ишанбек Қосбармаков, Нұржамал Баймаханова, Ербол Аманбай және Бектұрған Сейтов аудан әкімінің алғыс хатымен

марапатталды. – Иә, су – кез келген тіршілік иесі үшін аса қажет нәрсе. Адам өмірінде судың алатын орны тіпті зор. Мұны өсіресе осы салада еңбек етіп жүрген азаматтар жақсы түсінді деп ойлаймын. Сондықтан өліміздің су шаруашылығын дамуына аянбай күш-жігерін жұмсап жүрген әріптестерімді мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Су шаруашылығы саласының маңыздылығын ескеріп, айтулы мерекеде басымызды қосып, ітіпалат көрсетіп жатқан аудан әкімі Асқарбек Темірбекулының жарқын көңіліне алғыс білдіреміз, – деді сала ардагері Марат Сейтжанұлы.

Жандос ЖАЗКЕН

### Бағдарлама игілігі



## Ата кәсіпті қолға алған

ҚОЛҒА АЛҒАН КӘСІПТІ ДӨҢГЕЛЕНТІП ӘКЕТУ ҮШІН ОНЫҢ ҚЫР-СЫРЫН МЕҢГЕРУМЕН ҚАТАР НАҚТЫ ЖОСПАРЫҢ БОЛУЫ ҚАЖЕТ. БАСТАПҚЫДА ҚИЫНДЫҚТАР КЕЗІГЕР. БАСТЫСЫ, ЖОБАҢЫЗДЫ ЗЕРДЕЛЕП, ҚАРЖЫНЫ МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЙ БІЛСЕҢІЗ, ЕҢБЕГІҢІЗ ЗАЯ КЕТПЕСІ АНЫҚ.

Иә, бүгінде кез келген қарапайым шаруа үшін кәсіпкерлікті мемлекет қаржылай қолдауға дайын. Жеңілдетілген пайызбен несиесі, қайтарымызсыз грант алып, жұмыс істеп жатқандар көп. Соның бірі Мәдениет ауылының тұрғыны Абай Қыстаубайұлы өткен жылы мемлекеттен 1 млн 225 мың теңге қайтарымызсыз грант алып, мал бордақылауды бастады. Бала кезінен ата кәсіптің қыр-сырын үйренген ол төуекел етіп, жылқы шаруашылығын қолға алынды. Әбөкейнің бұл кәсіпті бастаудағы мақсаты ет бағытында ауылды өз өнімімен қамтамасыз ету. Таңдауы төрт түлкінің ішіндегі жылқыға түскен. Ата-бабаларымыздың түлкінің ішіндегі ең жақсы көргені де жылқы. Ішсең, сусың, кисең, киім, мінсең, келік. Бүгінде кәсіпкер қораға 4 бас жылқыны байлапты.

– Жылқы – атам қазақ баққан мал, оны барлық қазақ бағалайды. Мәңгі осы атакәсіп арқылы отбасымызды асырап отырмын. Мына жылқыларды

бордақылап, ауыл тұрғындарына келісін 2000-2200 теңгеден өткіземін. Тіпті кейде аудан орталығына, Қызылорда қаласына етке сұраныс түсіп жатады. Ет жеймін деген азамат болса, етпен қамтамасыз етуге дайынмын. Ешқандай қиындығы жоқ. Мемлекеттен барлық қолдауды алып отырмыз. Соның арқасында өсіп-өніп отырған жайымыз бар. Мен осы кәсіпті бастағанымна қуанамын. Жасыратыны жоқ, қайтарымызсыз грант ақшасын ешқайда жұмсамай, тек осы кәсібіме салдым. Қазір жылқыларым қонды. Біреуін жақында өткіздім, түскен қаржыға тағы бір жылқы сатып алдым, – дейді Абай Рүстемов.

Кәсіпкердің айтуынша, малға керек жем-шөптен мәселе жоқ, ауыл шаруаларынан сатып алады. Шыны керек, жоңышқаның бағасы жылдағыдан қымбаттаған мәселе, 1 пресс жоңышқа 800-1000 теңге аралығында бағалануда. Өткен жылы 600-650 теңге маңайында сатылыпты. Дегенмен Әбөкей бұған

еңсесін түсірмей, керісінше жұмысты ширата түскен. Мемлекеттен қосымша қаржылай қолдау болып жатса, тағы несиесі алу ойында бар. Сөйтіп келешекте мал басын ұлғайта бермек. Сондай-ақ сауын жылқыларын өкеліп, қымыз өндірісін де дамытуды жоспарлап отыр. Ауылда өкесін болар, кәсіпкер атакәсіптің қыр-сырын бес саусағындай біледі. Бізге байлаудағы жылқыларын көрсетіп, бордақылаудың ерекшеліктері мен білмейтін әдіс-тәсілдерін түсіндірумен әлек болды.

Жалпы, бордақылауда малды сапалы ет пен майды көп алу үшін сояр алдында жемге байлап, қолдан семиртеді. Бордақылау мерзімінің ұзақтығы түлкінің түріне, малдың жасына, бастапқы салмағы мен қондылығына байланысты. Мысалы, қоны орташаларын 35-45 күн, қоны төмендерін 50-60 күн бордақылайды. Бұл кезде жылқы тәулігіне орта есеппен 1-1,5 келі үстеме салмақ қосады. Мал бордақылаудың тиімділігін арттыру үшін түлкінің барлық түрлеріне ортақ

өсіп-даму заңдылықтары басшылыққа алынуы керек. Жас малды бордақылағанда алғашқы кезде оның салмағы ет пен сүйегінің толысуына байланысты жүреді де, үстеме салмаққа азық аз жұмсалады, ал одан кейінгі салмақтың артуы денедегі майдың түзілуіне байланысты болғандықтан, азық шығыны көп жұмсалады. Дені сау мал ғана тез қон алып сеіреді. Сондықтан бордақылауға қойылған мал бақылауда болуы қажет. Бордақылайтын табын құрамындағы малдың тұқымы, жасы, жынысы, салмағы, қоны бірдей болғаны дұрыс.

Иә, Мәдениет ауылында кәсіпмен айналысып, оны отбасылық бизнеске айналдырғандар саны жыл сайын артуда. Негізінен шағын кәсіп иелерінің басым бөлігі атакәсіп – мал шаруашылығына ден қойғандар. Құс шаруашылығы, кондитер өнімдері, нау-байхана, көлік жөндеу қызметі, шаш-тараз секілді кәсіп түрлерімен айналысуды жоспарлап отырғандары да бар.

Әрине кәсіпке бейімделу – бүгінгі заман талабы. Ауыл тұрғындарының бұл бағыттағы қозғалысы көз қуантады.

Жандос ЖАЗКЕН

### БАСПАСӨЗ – 2023

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу өлі де жүрде. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Сапар



Мәселелер назарға алынды

ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРҒАНҒА ЖАҢА ДЕПУТАТТАРДЫҢ САЙЛАНҒАНЫНА ДА 3 АЙ УАҚЫТ БОЛАТЫН. СОЛ УАҚЫТТАН БЕРІ ҚАНШАМА ЗАҢ ШЫҒАРЫЛДЫ. 80-ГЕ ЖУЫҚ ЗАҢ ҚАРАЛЫП, ОНЫҢ 15-КЕ ЖУЫҒЫНА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОЛ ҚОЙҒАН. 25 ЗАҢ ҚАРАЛЫП, СЕНАТҚА ЖІБЕРІЛГЕН. ОНЫҢ КӨБІСІ 30 ЖЫЛДАН БЕРІ ТОНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫН ҚАЙТАРУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН. ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АУЫЛЫНДАҒЫ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУİNДЕ ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

Кездесуде мұнан бөлек ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев пен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов те бар.

Халық қалаулылары осындай байлықты елге қайтаруда қарқынды жұмыс болатынын айтады. Бұған қатысты арнайы қор мен басқарушы компания құрылатын көрінеді.

Осыған дейін қаралған заңдар мен тиісті министрліктер жұмысына қатысты сараптамаларды сөзге арқау еткен депутаттар елде қандай мәселелер бар, олардың шешімі қалай? Бүгінгі сапардың негізгі мақсаты осы екенін жасырмады.

— Өздеріңізбен жолығып, қандай мәселелер бар, қандай ұсыныс-пікірлер бар, елде де орындалмай жатқан жұмыстар бар ма, мемлекеттік деңгейде атқарылатын шаруалар болса, оны да қарауға дайынбыз. Аудандық деңгейдегі мәселелерді әкімдеріңіз өздері шешіп жатыр деп есептеймін. Әріптестерім де сіздердің мұң-мұқтаждарыңызды, талап-тілектеріңізді тыңдауға әзір, — деді депутат Мархабат Жайымбетов.

Алдымен халық қалаулыларының бүгінгі сапарына сөзтілік тілеген ауыл ақсақалдары еңгіметін басын «айта-айта Алтайды, Жамал апаң қартайды» деген екі қатар өлеңмен бастады. Соған қарағанда көтеретін мәселелері бұған дейін де құлақты жақаған болуы керек. Бұл тұста қарияларға өкпе жоқ, ал оның назарға алынбағаны әлбетте өкінішті.

Жол мен жарық мәселесі туралап қалса

Иә, жергілікті тұрғындардың ауылдағы электр жарығына қатысты мәселені көтеріп жүргеніне 5-6 жылдың жүзі болыпты. Бірақ әлі күнге дейін шешімін таппаған. Яғни мұндағы электр жарығы Кеңес үкіметінің кезінде жүргізілгеннен жөндеу кермеген. Жыл сайын құрылысы басталады, электр желілері, бағаналары жанартылады дегенмен жергілікті халық оның нәтижесін көріп отырған жоқ. Жергілікті билік жобасын әзірлегеннен жоғарыдан қаржылай қолдау таппай отыр екен.

Қызылорданың ауа райынан хабары бар адам жергілікті тұрғындардың жел мен аптап ыстықтан көз ашпайтынын жақсы біледі. Үт етсе жапп етіп өше қалатын ауылдағы электр жарығы расында тұрғындарды әбіреуге салып отыр екен. Тіпті тоқтың бір күшейіп, бір төмендеуінен ауылдағы ағайынның тоңазытқышы, желдеткіші, тоқ пеші мен тоқ шайнегі, үтігі аяқ асты істен шығып, жарамсыз күйге түскен кездері де болыпты. Бір айлық пен зейнетақыға, жәрдемақыға күнеліп отырған мақпалкөлдтер бұл ауыл азаматтары үшін айтарлықтай шығын екенін жасырмады.

Қоғам қайраткері атындағы сабақта бас қосқан ақсақалдар бір мәселені шектелмеді. Олар ауылдағы ішкі кешелер сапасының сын көтермейтінін де халық қалаулыларының назарына салды.

Сөздерінше, ауылда бар-жоғы 8 көше бар, оның екеуі орталық көше екен. Бұның да шешімін таппағанына бірнеше жыл болғандықтан Темірбек Жүргеновте жол мәселесі туралап қалыпты. Жергілікті халық жылда «жөндеуден өтеді» деген сөздер әлі күнге дейін жұбаныш болып келе жатқанын айтады.

— Сіздер көтеріп отырған екі мәселе де менің тақырыбым десем де болады. Барынша жауапты министрліктерді «елге қарамайсыңдар ма, ебден тозығы жетті ғой!» деп төпелеп жатырмыз. Шындығына келгенде кейбір елді мекендерде электр жарығының, желісінің, бағаналарының жанармағанына 50-60 жыл болды. Қазір Қызылорда қаласы мен Жаңақорған, Сырдария аудандарының электр желілерін жанартуға біраз қаржы қаралды. Бұйырғанда, Жалағаш ауданына да көзек келеді. Екінші жол мәселесі, бұған да облысқа, аудандарға қаражат қаралады, бұйырғанда, бұл мәселені аудан әкімі шешуге күш салады деп сенемін, — деді Мархабат Жайымбетов.

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың сөзіне сүйенсек, былтыр электр жарығына қатысты демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттар дайындалған, жобаның жалпы құны 338,5 млн теңгені құрайды. Желтоқсан айында мемлекеттік сараптамасы алынған. Ал көшелерге байланысты мүлде жоба дайындалмаған. Быыл Мақпалкөлдегі 8 көшеге арнайы жоба-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр екен.

Жергілікті бюджеттен Мақпалкөлге был 100 млн теңге қаражат бөлінген. Тиісті қаражатқа қоғам қайраткері атындағы сабақ салынды, сондай-ақ Темірбек Жүргенов көшесіне тас төселген. Мұнан бөлек балалар ойын алаңы да бар. Ауылдағы мәдениет ошағына да күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. Асқарбек Темірбекұлы қаржылай қолдауға ауылда дайын ешқандай жоба жоғын жасырмады. Ал халық көтерген ішкі көшелер құрылысы мен электр желілерін жанарту келер жылы жүзеге асатынын жаңарты.

Сыр салысы неге шамадан тыс өгілген?

Жергілікті шаруашылықтар ауылда аяқ судың қат екенін жасырмайды. Оны Мақпалкөлдегі төрағалар сағаның быс еңгінде ауылдарда шамадан тыс өгіл елгілетінімен байланыстырады. Оны кім зерттепті, бұл жағы бізге беймәлім, бірақ шаруалар бұл сөзді нақты бір дәлел бар адамдай нық сеніммен қадап айтты.

Облыс 74 мың гектар күріш егуге тапсырыс береді екен. Алайда аймақта жыл сайын 100 мың гектардан астам күріш егілетін көрінеді. Ауыл шаруалары Шіркейлі каналының сол жақ тармағынан су ішеді. Аудан бойынша 45 гектар күрішке рұқсат етілген. Қазіргі таңда 190 текше метр су сағадан кірсе, оның небары секундына 6 текше метрі ғана Мақпалкөлге барады екен.

Шаруалар сөзіне сүйенсек, негізінен 112 текше метр су Шіркейлі каналына жетеді. Осы ретте олар үстіндегі 70 текше метр су 2 қалтаға жұмыс жасап жатыр деп қапалы. Ренжитіндей реті бар секілді, себебі аяқ суға жауапты мекемелер жыл сайын мәселе күрделенгеніне қарамастан рұқсат етілмеген жерлерге де күріш егуге жағдай жасап жатыр екен. Тіпті ауданда ауыспалы егіс жүйесінің сақталмай жатқаны да жанға батады.

Ауылдағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы былтырдан бастап 24 гектар алқапқа тамшылатып суару әдісімен картоп еккен болатын. Быыл алқаптағы каналға Австралиядан су есептегіш құралын әкеліп орнатқан. Алайда оны құруға аяқ суға жауапты жергілікті мекеме қарсы болыпты. Шаруашылық өкілі су есептегіш құралы орнатылса, былтықтың бары ашылатындықтан олар осындай шешімге келіп отыр деп есептейді. Оның тиімділігін дәлелдеу үшін шаруашылық өз қаражатынан 15 млн теңгеге әлі заманауи аппаратты орнатқан.

Қазіргі таңда канал бойынан ретсіз су жығуға рұқсат берілмесе де, жергілікті шаруашылықтар мұндай заңсыздыққа барып жатқан көрінеді. Мұндай басыздыққа кім барады, әлбетте жабайы жерге күріш егетіндердің қолынан келеді мұндай іс. Себебі инженерлік жүйеге келген ауыспалы егіс алқабы бар адам тапсырыс берген суына талап етсе де қол жеткізе алады. Бұл мәселе де кешегі кездесуде шаруалардың талап-тілегіне арқау болды. Депутаттар шаруалар көтерген мәселелерді аяқ суға жауапты мекемелермен бас қосып талқылау қажеттігін айтты.

Ардагерлер арнайы мәртебе бекітілсе дейді

Мақпалкөлде ядролық полигон кезінде әскери борышын өтеген біршама азамат болыпты. Өкініштісі, бүгінде солардан екі азамат қалыпты. Негізінен

оларды Ұлы Отан соғысы ардагеріне теңестірілген дейді. Бірақ ардагерлер нақты мемлекет тарапынан ешқандай қолдау болмайтынын айтады.

Былыр қазан айында жергілікті әскери комиссариат сол тұста ядролық полигон аумағында әскери борышын өтеген ардагерлер құжатын жинақтапты. Құжаттар түгенделгеннен кейін бұл мәселе Сенат қабырғасында көтерілуі тиіс екен. Ардагерлер енді соның нәтижесін сурап отыр. Бұған қатысты сенатор Руслан Рүстемовтың өз айтары бар.

Бір апта бұрын Парламент қабырғасында Семей ядролық полигонындағы жер аумағын қайта бекіту туралы заң қаралыпты. Сол тұста бүгін ақсақалдың талап-тілегіне арқау болған мәселені Руслан Рүстемов те көтеріпті. Әлі күнге дейін Семей ядролық полигонына қатысқан ардагерлерге арнайы мәртебе бекітілмеген. Арнайы мәртебе черномыл алатына қатысқандарда, ауған соғысында қатысқандарда, Тәжік-Ауған шекарасына қатысқандарда бар, алайда бұларға бекітілгенді. Болашақта оларға да мәртебе беруді бекіту қажеттігін сенатор көтерген екен. 2020 жылы 6 мамырда қабылданған ардагерлер туралы заңда осы мәселе қамтылуы керек деп есептейді.

— Мұның ішінде тағы бір кілтпап бар, біз — құқықтық мемлекетпіз, сондықтан барлығын заңмен реттеуіміз керек. Жаңағы заңның ішінде сіздер айттып тұрған Ресейдегі Подольск қаласындағы әскери комиссариат архивінен тікелей қатысқаны жөнінде құжат аласыздар. Сіздің әскери билеушідегі факт жеткіліксіз. Себебі әлі архивтің қатысқаныңызды растайтын анықтамасы керектігі заңда жазылған. Мен өлгі «тікелей қатысты» дегенді өзгертейік деп мәселе көтердім. Себебі бұл азаматтардың мәртебесін айқындауға, әлеуметтік жәрдемақы алуына кедергі келтіріп тұр. Мұнан кейін арнайы мәртебе бекітілуі де көтергенімін, — деді сенатор.

Ардагерлер де тікелей қатысты деген айтарлықтай кедергі болып отырғанын айтады. Себебі әлі архивке барған жағдайда қолына анықтаманы ұстап салмайтын көрінеді. Себебі оған тікелей тек ғалымдар мен жоғары шенді әскери қызметкерлер ғана тартылған.

Басқосуда мұнан бөлек балабақша ғимаратына қатысты, сексеуіл алуға рұқсат берілсе дегендей талап-тілектер айтылды. Асқарбек Есжанов бүгінгі таңда ғимарат мәселесі назарға алынғанын айтса, депутаттар сексеуіл Қызыл кітапқа енгендіктен рұқсат етілмейтінін алға тартты.

Халық қалаулыларының кезекті сапары Жалағаш кентінде жалғасты. Олар алдымен аудандағы Дәуімбай мен орталықты бөліп тұрған теміржол үстімен өтетін аспалы көпір құрылысымен танысты.

Иә, бұл бұған дейін бірнеше рет көтерілген мәселе еді. Мектеп қабырғасында оқитын тұста үйдегі үлкендердің «теміржолда қыз баланы қағып кетті», «әлі қыз сол жерде бақылық болыпты» дегені әлі күнге дейін еміс-еміс есте. Осыдан-ақ бұл мәселенің қанша жылдан бері көтеріліп келе жатқанын бағамдай бірізін.

Құдай сәтін салып, биыл аспалы көпір құрылыс басталды. Жыл басында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұған қатысты аудан жұртының талап-тілегін бірінші рет естіп, мейлінше шешуге жұмыс жасайтынын айтқан. Көп ұзамай жергілікті билік өзінше жоба қаржылай қолдау тапты. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарының қорытындысы шығысымен құрылысы да басталып кетті.

Бүгінде аспалы көпір құрылысын аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар келігі және автотранспорт жолдары бөлімінің тапсырысы негізінде «Гүлнұр МК» ЖШС жүргізуде. Бұл жобаға облыс қазынасынан 328,7 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда 184,8 млн теңге бөлініп отыр.

Аспалы көпірде жаяу жүргіншілер қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ тік қозғалысы бар жедел саты да қамтылады. Демек мүмкіндігі шектелуі жандарға да жағдай жасалады деген сөз.

Мұнан кейін халық қалаулылары жергілікті мемлекеттік депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Алдымен Руслан Рүстемов бүгінгі сапардың негізгі мақсатына тоқталып, елдің талап-тілегіне құлақ асудың, олар көтерген мәселелердің шешіміне жұмыс жасаудың маңыздылығына тоқталды.

— Біріншіден, бүгінгі сапарды Парламент қабырғасында атқарып жатқан жұмысымыз бойынша елге есеп беру деп ойлаймын. Қазір Президенттің бастамасымен жаңартулар, жаңғыртулар болып жатыр, соның ішінде Парламенттің күзиреті өзгерді, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша игі шаралар қолға алынып жатыр. Соның ішінде жаңадан Мәжіліс құрамы сайланды, барлық өзгерісті ел арасында кеңінен тусіндіріп келеміз. Халықтың пайдасына жарайтын жаңадан заңдар қабылдау, олардың тетіктерін іске қосу парламент қабырғасында отырғасын бізге міндет деп есептейміз. Алдымызға келген кез келген заңды шикі күйінде қабылдаудан біз аулақпыз. Заңның бабы, оның нормалары, қасындағы құқықтық құжаттары бірлесіп қаралады. Жалпы, кез келген заң талқыдан өтеді, қазірге дейін 82 заң қаралса, Президент 25-іне қол қойды. Бұл өлі қарай жалғасады. Елдің арасынан шығып, елдің ішіндегі ұсыныс-пікірлерді жинақтап, елдегі экономикалық-әлеуметтік реформаларды өмір қарай халықтың ұсынысымен дамыту өте өзекті. Сондықтан осы сапарға шықтық, — деді Руслан Рүстемов.

Мәжіліс құрамы сайланғанға Сенат 2 ай жұмыс жасаған. Руслан сол уақыт ішінде жаңа әлеуметтік кодекс қабылданғанын айтады. Онда асыраушысынан айырылғандарды жәрдемақымен қамтамасыз етуді оңтайландыру, баға тұрақтандыру мәселесі қамтылған сенатор енді осы бағытта нақты мақсатқа жұмыс жасау керек деп есептейді.

Жалпы, биыл әлеуметтік жәрдемақылар көлемі 23 пайызға өскен. Әлбетте бұл бағадарға тұрақсыздықты, инфляцияны ауыздықтауға айтарлықтай сеп болмайды. Сондықтан депутаттар осы бағытта да біршама жұмыс жасау қажет деп есептейді.

Жиньда облыстық мәслихат депутаты Әмір Шаймағамбетов аудандағы бірқатар өзекті мәселелерді қос палата депутаттарының назарына салып, оң шешімін тапса деген ұсынысын жеткізді. Мұнан кейін халық қалаулылары «Апапат» партиясының аудандық филиалында жалағаштықтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түрді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Жазғы демалыстың берері көп

Балалардың мектеп қабырғасындағы оқу уақыты аяқталып, демалысқа шыққалы да екінші айға кетіп барады. Барлық білім ошағы оқушыларды демалысқа шығарып салғаннан кейін, жаз бойғы балалардың қауіпсіздігі, жалпы жауапкершілігі ата-аналардың өзіне жүктеледі. Ал ата-аналар осы тұста баласының жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалануды ойлайды. Оқу жылын аяқтап сабақтан алаңсыз босаған балалардың смартфонға тәуелді болып қалуының да алдын алу бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуге болады. Ол үшін өрине ата-ананың баламен етене жақын болуының маңызы зор.



Расын айту керек, жаз мезгілін балалар ерекше ықыласпен күтеді. Ал баланың жазғы демалысы оның тұлға ретінде қалыптасуына, дүниетанымының кеңейіп, рухани дамуына, денсаулығы мен дене бітімінің дұрыс жетілуіне тікелей әсер етеді. Жаз мезгілі балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзінің қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар жазғы демалыс балалардың жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайтып, оларды сауықтыру кезеңі болып табылады. Балалардың уақытын тиімді өткізу, жаман әдеттерден аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар жұмыс лагерлерге жіберіп жатады. Жазғы лагерлердің маңызы бастауы тек ата-аналар үшін ғана тиімді емес, тіпті балалардың асыға құтетін бақыт мекені деуге болады. Өзі құралпы балалармен қатар ойнап-күліп демалыс уақытын өткізетін баланың смартфонға үлгітеп уақыты да болмайтыны анық. Сонымен қатар жазғы демалыс лагерлерінің міндеті балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізу, мектептегі тәлім-тәрбиесін толықтыру, танымын кеңейтуге жұмыс істеу.

Жалпы, жазғы мезгілде баланың ойы да, бойы да жақсы демалуы керек. Балалар жазғы демалысты тек демалу, ойнау, қыдыру үшін асыға күтпеуі керек. Сонымен қатар әрбір бала ата-анасымен тығыз байланыста болып, көбірек уақыт өткізуге мүмкіндік алғаны абзал. Бұл тұста ата-аналар тарапынан қажетті әрекет балаға мейлінше көңіл бөліп, өлі бөлгіс, арман-мақсаттарына қанат бітіру. Әрбір ата-ана баламен сөйлесіп қана қоймай, баланың жас ерекшелігін, психологиялық ерекшелігін, денсаулығы мен қабілет-мүмкіндігін ескере отырып жұмыс жасауы тиіс. Мамандардың кеңесіне сүйенсек, баламен байланыс жасағанда әңгімелесу арқылы өз денсаулығы мен өзінің өсіп-жетілуіне мән беруге, ойын әрекеті барысында ойлау әрекетінің де тиімді әдістерін меңгеруге, достық, жолдастық, сыйластық, өзара көмек сияқты адам қасиеттерді ұғынуға, туған жердің табиғатына мән беруге, қоршаған ортамен байланысын нығайтуға, азаматтық-елжандылық санасын қалыптастыруға, ұлттық және мәдени, тұрмыстық салт-дәстүрлермен сусындауына да қолдау білдіру, жол көрсету керек екенін айтады. Иә, баламен жұмыс жасау, оның өресін кеңейту мен дамуына тікелей әсер ету ата-ананың, тіпті қоғамның алдындағы міндеті деуге болады. Алайда бала алғашқы тәрбиенің тұпқазығын отбасында болып өсіретінін ескерсек, бұл ретте әрбір ата-ананың үлгі болуы керек екенін даусыз.

Жазғы лагерлермен қатар балалардың демалысын тиімді өткізуде аудан орталығындағы Оқушылар үйінің де жүйелі жұмыс жасап келе жатқанын айтуға болады. Демалыстың бір бөлігін тынығу лагерлерінде өткізген балалар үшін қалған уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін үйірмелер жұмыс жасап тұр. Баланың шығармашылығы мен шеберлігін шыңдайтын, қарым-қабілеттерін ашып, одан ары дамытатын, бала бойыншағы кешбасшылық және өнерге деген ықыласын арттыратын үйірмелердің қатарында «Жұлдыз бала», «Шебер қолдар», «Бейнелеу өнері», «Жас Ұлан» және «Эстрадалық өндер» үйірмесін атап өтуге болады.

Айта кетейік, биылғы маусымда «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 6 ауысымда 442 бала, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерінде 2028 бала, облыстан тыс лагерлерде 150 баланы демалдыру жоспарланып отыр. Бүгінгі күні аудан кәсіпкерлері мен демеушілердің есебінен 170 бала Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне жіберілді. Сондай-ақ 2000-ға жуық бала Түркістан қаласы мен Қорқыт Ата мемориалдык кесенесіне тарихи-танымдық экскурсияға шығатын болады.

Нұр НАУАН



# Достар, достар, жүрсін қайда?

**Бірге тойлап, бірге өткізген,  
Жалындаған жас шағын.  
Талай қызық күнді өткізген,  
Қайдасыңдар, достарым?**

Не деген көремет сөздермен жазылған өлең десеңізші?! Міне, туған жеріміз, күнді қанымыз тамған жеріміз Мәдениет ауылында, мектеп бітіргенімізге 40 жылда кездесуе ниеттендік. Екі класты қосқанда 1966 жылы туып, І.Қабылов атындағы №32 1 май мектебінде 70-той оқушы сонша 1973 жылы мектеп табалдырығын аттағанбыз.

Мектептің 8 класын бітіріп, санаулымыз, бірінші қалаға оқуға көттік, қалғанымыз 10 сыныпты бітіріп, ұядан ұшқан еді, бұл

**Достар, достар жүрсін қайда?,  
Бірге еді ғой жанымыз.  
Еске алысып осындайда  
Кел шырқайық, бәріміз!**

Ал табиғатқа шығып, көуап пісірсек ше, – деген достарымыз да ойларын ортаға салды. “Бәрі дұрыс” деп бірінен соң бірін қабыл алып, ақ қағазға түсіре бастадық. Шешім бір ауыздан қабылданды.

Әл сәтте белгіленген уақыт та келіп жетті. Өзіміз он жыл оқыған мектебіміз – бүгінгі таңда І.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицей. Мектеп директоры Бақыт Әбдіреева бізді құрметпен қарсы алды. Сағат 8.30-да мектебімізге жинала бастадық.



10 класты бітірген сынып жетекшілеріміз Бақыт аяпай мен Қуандық ағайымыз сөз алып, мектептегі балалық өмірімізге шолу жасады.

Досымыз Алманың ән шашуымен аяқталған соң, шарамыз арнайы ашқалы отырған ұлағатты ұстазымыз, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Тәуекел Төрмұратов ағайымыздың кабинетіне келсе де жалғасты. Лента кию күрметін, досымыз, “Қайсар” Қызылорда облыстық футбол клубы директоры, облыстық мслихат депутаты Садық Мұстафаев пен ұстазымыз, қазіргі таңда еңбек демалысындағы математика пәнінің үздік мұғалімі, жоғары санатты ұлағатты ұстаз, облыстық, аудандық марапаттардың иесі, Тәуекел ағаймен қатар еңбек жасаған Гүлданах аяпайымызға тапсырылған еді. Садық сөз алып, ұстаздарымызға, алтын ұя мектебімізге шынайы алғысын білдірді.

Шашу шашып, бұл үрдістің жалғасып, мектеп бітірушілерге үлгі-өнеге болып қалуын, Тәуекел ағайымыздың ерекше тұлға, білімді азамат, өз ортасына құрметті болғанын айтып, Мейірман аяпайымыз кеңінен тоқталып өтті.

Сөз алған Тәуекел ағайымыздың балалары мен келіндері Қорғанбек Жанабек ағаларымыз бен Жансұтлу, Гүлмираш аяпайлар, немересі Марина ағайдың ерекше қасиеттері мен балаларына есіет қылып қалдырған үлгі-өнегесін және арнайы кабинет ашып отырған 1966 жылғы туған тулықтерге шексіз алғысын білдірді. Ортаға шығып сөз алған Гүлданах, Рабига, Сафура аяпайларымыз Тәуекел ағай туралы, ол аяпайларға да сабақ беріп, қатаң тәртіппен білімге шақырған кейбір естеліктерін ортаға салды.

Мерекеге келген ұстаздарымыз бен қонақтар ауыл мешітіндегі арнайы асқа шақырылды. Аяулы ұстаздарымызға және бірге оқып, бүгінде бақилық болған 9 досымызға арнайы құран оқытылып, ас берілді.

Біздің арқамыздан бір жүк түскендей болды. Бұл бір, біздің ұстаздар үшін шәкірттік, ал достарымыз үшін достық парызымыз екенін ұқтырған арнайы ас болды.

Әрқайсысымыз ішімізден “Жандарың жәннатта, орындарың пейіштің төрінен болсын” деп, Алланың берген өлшеулі өмірі ғой” деп күрсініп еске алып, сөз сөйледік. “Аллаға шүкір! Енді қалғанымыз аман

болып, 50, 60, 70, 80 жылдықтарда төрт көзіміз түгел жетейік” деп мешіттен шықтық. Содан соң кешкі кездесу “Нәмад” мейрамханасында жалғасын тапты. Бас-майрамымызда сынып жетекшісі болған ұстаздарымыз Рысбике, Айша, Дариға аяпайлар, жоғары сыныптағы сынып жетекшілеріміз Бақыт аяпай мен Қуандық ағайларымыз зал төріне отырғызылып, 1983 жылғы мектеп бітірген түлектер қос-қостан қолдарында гүл шоғы, шарларын ұстап, көңілді әуенмен залға кірді.

Залды қақ жарып, екі шетте күйеу балдар мен келіндер қол соғып қарсы алды. Тамылжыған өсем әуен алыс биіне жалғасты. Жүргізуші сөз алып, Қуандық ағайдан шәкірттеріне бата сұрады.

Кеш басында ұстаздарымызды ортаға шақырып, “орамал тон болмайды, жол болады” – деп ұстаздарымызға арнайы сый-құрметіміз жасалды. Сөз алған ұстаздарымыз, кезіндегі мектеп қабырғасын еске алып, шәкірттерінің қылықтары, қабілетін ортаға салды.

40 жыл көрмеген достарымыздың алды 6, 7, 8 бала, 10-12 немере сүйген екен. Олардың да аттары аталып, арнайы сыйлықтар берілді.

Кеш өте ерекше, қызықты ойынмен, әсем әнмен сөнді бімен жарасымды әзілмен, әртүрлі номинация және арнайы демді де төтті әспен есте қаларлықтай әсерлі өтті. Ертеніне сағат 11.00-де Садық досымыздың ұйымдастыруымен табиғат аясында жақсы демалысқа ұласты. Таза ауа да, ән де, дәмді тамақ, би де, өзін де, еске алып, сыр шерту де, суга түсіп, балаша ойын да болды.

Аллаға шүкір, бір Қазақстанда тұрып, 40 жыл көрмеген достарымызды көріп, бір мауқымызды басқандай болдық-ау. Ертеніне алыстан ат төрлетіп келген достарымызға, “Астана” мейрамханасынан арнайы дем бердік. Есте қалатын көремет кездесу болды. Достардың сыйластығы, ауызбіршілігі қандай тамаша!

– Жарайсыңдар, жігіттер мен қыздар! Кездесейік, жүздесейік, сырласайық, аман болайық – деп, бір-бірімізбен қимай қоштастық.

**Жанат РАХМЕТОВА,  
Қызылорда қаласының тұрғыны**



# Бала деген бір бақыт

**Бала көңілі қашанда қуанышты және тосын сәттерді күтеді. Өйткені табиғаты таза бүлдіршіндердің арманы қиялдың кеңістігімен ұштасып жүреді. Баланы қуанту үшін қымбат дүниенің керегі жоқ, тек жеткілікті түрде көңіл бөле алсаңыз болғаны. Әсіресе ерекше күтімді қажет ететін балалардың көңілін табу үшін толассыз еңбек, аса жауапкершілік қажет-ақ. Өйткені мұндай жағдайдағы балалар әлемді басқа қырынан көретіні секілді, сіз бен біз сыйлайтын көңіл-күй де олар үшін тек жақсы күндердің жарышысы болуы тиіс.**

Естеріңізде болса жаз айының алғашқы күні, балалар мерекесі қарсаңында тірек-қозғалыс аппараты бұзылған ерекше жағдайдағы балаларға арналған «Қажмаған» күндізгі стационар орталығы ашылған болатын. Ауданда жанданған бұл көтерген нысанның ашылу салтанатына біз де күз болған едік. Бұл орталықтың маңызы зор екенін білеміз. Өйткені мұнда ерекше жағдайдағы, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған ерекше жағдайдағы балаларға ем-дом шаралары жасалатын болады. Балалардың мерекесі қарсаңында өз жұмысын бастап отырған орталық мамандары сапалы медициналық қызмет көрсету жолында аянбай еңбек ететіні де жасырмаған еді. Рас, орталық жұмысын бастағалы ондағы мамандар әр баланың аяққа тұруына жағдай жасап, бар күш-жігерін жұмсауда. Балалардың ем-домымен қатар оларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауды да естен шығармаған екен.

Кешегі Құрбан айт мерекесі қарсаңында аудандық «Иманқұл» мешітінің және аудандағы үлкен жүректі азаматтардың қолдауымен орталықта құран оқытылып, балалардың сауығып кетуі үшін игі амал жасалды. Балаларға арнап жайылған ақ дастарқан, бағышталған құран шынайы ниеттен туған еді. Ігі істің аясында мешіт имамы мен қайырымды іске атсалысқан азаматтар орталықта ем қабылдап жатқан балаларға сыйлықтар ұзестіріп, мөлдір өлемнің кейіпкерлерінің қуанышына куә болды. Мұны көрген ата-аналар да шексіз алғыстарын білдіріп, игі бастамаға мұрындық болған азаматтарға балаларын берді. «Бала өмірдің айнасы, жалғасы. Бірақ бала шыбық сиқты болғанын қалай құрай бағытталса, солай қарай өсетінін есте сақтаған жөн. Бұл бір-ақ ауыз сөз болғанымен ауқымды кең, астарында терең мән жатыр. Сондай нәзік өлемнің бағаны болу қиын. Біздің де жауапкершілігімізде қанда баланың болашағы тұр деп білеміз» деген орталық меңгерушісі Рабига Усенова медициналық көмектің сапалы болуына әрі әр баланың сауығып кетуіне үш салатын боламыз дейді.

Айта кету керек, пайдалануға берілген орталық 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға қызмет көрсетеді. Мұнда ондан аса ақ халатты абзал жан тұрақты жұмыспен қамтылған. Қазіргі таңда орталықта 15 бала тәрбиеленуде. Енді алдағы уақытта орталықтағы балалар сапалы медициналық қызметпен қамтылып, қажетті ем-дом шараларын қабылдап, сауығып отбасына оралады деген үміттеміз.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

# Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының хабары

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 5 шілдедегі №АСК-01/271 қаулысымен Мәдениет ауылдық округі шекарасында Мәдениет ауылдық округі өкімінің сайлауы жөніндегі сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1-бабының 3-тармағына сәйкес, Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 5 шілдедегі №АСК-01/272 қаулысымен Мәдениет ауылдық округі өкімінің сайлауы 2023 жылғы 13 тамызға тағайындалды.

Бекітілген Мәдениет ауылдық округі өкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес кандидаттарды ұсыну 2023 жылғы 6 шілдеден басталады және 2023 жылғы 19 шілдеде сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және 2023 жылғы 24 шілдеде сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120200, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты, байланыс телефондары: 31-7-19, 31-4-04, электрондық поштасы jalsay2019@mail.kz, интернет-парақшасына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/activities/2776?lang=kk>.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Дүйсебиев Берік Аманжолович – төраға, Бекжанов Бауржан Султанович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, мүшелері: Бекмолдаев Умирбек Кариевич, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Кулумбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№144 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан Батыр көшесі №11 “А”, “Мәдениет ауылдық округі өкімі аппаратының “Мәдениет ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8(72431) 35-4-90, эл почта: zhalsay144@mail.kz.

№144 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Нысанбаев Болат Маратович – төраға, Шегебаев Нұрса Сәуімбайұлы – төраға орынбасары, Зарлық Бақытжан Сексембайқызы – хатшы, мүшелері: Алиева Бақытқұл Қосназаровна, Танибаева Берикжұл Жорабековна, Махмудова Ақбаян Махмудовна, Кулжанова Акнур Аблаевна.

**Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы**

# Еске алу

Біз бауырымыз Әбдиев Шоқан Қайырбергөнгүлұлына айырылып қалдық. Күні кеше көз алдымызда жүрген жан бауырымызды кел-местің кемесі әкетті. Мүшелдің бел ортасында еді, көнеттен кетті. Қарашаңырақтың орны ойсырап қалды.

Шоқанның өмірдегі, отбасындағы орны бөлек еді. Бала күнінен жарқын мінезді, көпшіл, адал еді. Табиғатынан еркін өсті, кейде еркелігі де болатын. Қашанда отбасын қадір тұтатын.

Ол 18 жасқа толғанда елең-алаңды тоқсаныншы жылдар болатын. Еш сыйлауға сүйенбей ескерге өзі сұранып барған. Сол жылдары ғана шеттегі болмаса, бар өмірін туған үйде өткізді. Сол үйде көгеріп, өкпеді. Қай мезгілде де, кез келген жағдайда, қандай уақыт болсын Шоқан бауырымыз ең ізгі қасиеттерін таймады. Адалдығын, ақаржарқын мінезін, бауырмалдығын, қызықтың өңгімелері мен әзіл-күлкисін сағынып, іздеп баратынбыз.

Бұл үрдіс онсың 49 жасында кілт үзілгені жанға батады. Енді қанда дауыстақ та, соңғы сапарынан оралта алмаймыз. Жаным жәннатта шалқысын, ақ Шоқан! Әбдиев Шоқан Қайырбергөнгүлұлының рухына арналған қырық күндік кәдесі 2023 жылдың 15 шілде күні сағат 11.00-де Таң ауылындағы үйінде өтеді.

**Еске алушылар бауырлары, жұбайы, балалары**



# Спорт

**ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ, ҚАСИЕТТІ ҚҰТ МЕКЕНІ АУЫЛ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. АУЫЛДЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫНАН ТАУ КӨТЕРГЕН ТОЛАҒАЙ МЕН КҮШ АТАСЫН ТАНЫТҚАН ҚАЖЫМҰҚАНДАР ШЫҚҚАН. СОНДАЙ БІРЛІГІ БЕКЕМ, ТІРЛІГІ КӨРКЕМ, БЕРЕКЕСІ МЕН АУЫЗБІРШІЛІГІ МОЛ, СПОРТШЫЛАРЫ ЕЛДІҢ МЕРЕЙІН АСЫРЫП ЖҮРГЕН, ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН БЕРЕКЕЛІ МЕКЕННІҢ БІРІ – АҚСУ. БІЗ БҮГІН ОСЫ АУЫЛДЫҢ СПОРТ ҮЙІРМЕСІН МАҚАЛАМЫЗГА АРҚАУ ЕТЕМІЗ.**



# Ауыл жастарының алар асуы алда

Қазақтың ұлттық спортының тарихы тым төрелдеп жатыр. Оның ішінде қазақ күресі – қазақтың ең көне спорт түрлерінің бірі. Бүгінде бөлі мен білегі мықты жастар осы спорт түрін дамытып, талай жетістіктерге жетіп жүр. Сондай жалынды спортшылардың бірі – Ұласхан Алмасұлы. Ол – қазақ күресі мен белбеу күрестен Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын иеленген Ақсу ауылындағы жалғыз спортшы.

Ауыл мақтанышы өзінің спорттық шежіресін 2014 жылы бастап, күрес әліппесін Өмірбек Кәлменов пен Жайдарбай Есенов ағаларынан үйренген. Өз ауылының қарадомалақтары да артынан еріп, спортпен айналысуын армандаған кейіпкеріміз қазіргі таңда Ақсудағы №13 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде жаттықтырушы қызметін атқарады.

Бұл спорт мектебінде 2023 жылдың тамыз айынан бастап қазақ күресі үйірмесі жұмыс жасап келеді. Ұласханның айтуынша, қазақ күресі үйірмесі ауыл жастарының уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге үлкен үлес қосуда. Үйірмеге 2-3 сынып

оқушылары қабылданады. Қазіргі таңда онда 30 бала бар, оның 4-еуі – қыз, 26-сы – ер бала.

Үйірмеге оқушылар аптасына 5 рет келеді. Бұл балалардан бөлек жасы үйірме талабына жетпеген кішкентай ұландардың да күрес спортына қызығушылығы жоғары, қарасы қалың екенін байқадық.

Бүгінгі таңда қазақ күресімен қатар дзюдоның қадамы да қарыштап дамып келе жатыр. Себебі ол – барлық халық қызығатын спорт түрі. Бұл күрестің қыр-сырын жетік меңгерген ақсулық спортшылар талай байрақты бәсекеде боз кілемде белдесіп, ел намысын қорғап жүр.

Ерлан Онласыновқа алғысымды білдіремін дейді. – Ұласхан Алмасұлы. Ақсулық спортшылар дзюдодан аудандық жарыстармен шектелмей, облыстық, республикалық жарыстарда да бақ сынап, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мәселен, Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай өткен дзюдодан 2011-2016 жылғы кіші жасөспірімдер арасындағы аудандық ашық біріншілікте 29 қ салмақта III орынды Нұрәли Әсембек өңшөлесе, 32 қ салмақ дәрежесінде Аманат Алматы II орынды иеленген. Кеңес ескерінің Ауганстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай дзюдодан 2015-2016 жылғы туған жасөспірімдер арасында өткізілген облыстық турнирде 20 қ салмақ дәрежесінде III орынды Заңғар Қаржаубай жеңіп алған.

Сондай-ақ Заңғар – Тоғанас батырдың туғанына 210 жыл толуына орай өткен сайыста кіші жасөспірімдер арасындағы аудандық ашық біріншілікте III орынды иемденген үздік спортшылардың бірі. Дәл осы сайыста 23 қ салмақ дәрежесінде Ерқанат Алматы III орынды, 29 қ салмақ дәрежесінде Аманат Алматы жүлделі I орынды иеленген.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай дзюдо күресінен аудандық ашық біріншілікте 38 қ салмақ дәрежесінде Тәуекхан Қирабай III орыннан көрінген. Мұнан бөлек Тәуекхан 2010-2015 жылы туылған кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында “Достық Жер МК” ЖШС-ның жүлдесіне арналған II республикалық турнирінде III орынды иеленген. 2014-2015 жылы түрліше балалар арасында “JUDO LEAGUE” турнирінде 32 салмақ дәрежесінде Аманат Алматы та III орынды иеленіп қайтқан.

Қайсарлығы қанында, тектілігі тамырында тулаған жас өрендердің жаттығу барысын көргенде, бойларында намысты қолдан бермейтін қасиеттерін аңғардық. Ақсулық спортшылардың көк байрақты желбіретіп, ел сенімін ақтайтындарына сеніп, болашақта биік белестерден көретінімізге көзіміз жетті.

Шәкірттерінен үздіксіз дайындықты талап ететін жас жаттықтырушы Ұласханның алға қойған ең үлкен мақсаты – спортты жанына серік еткен ақсулық жастардан Әлем чемпионын шығару.

**Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Салтанатты шара

Жаңарған, жасарған, жасампаз қала

Астана Қазақстан астанасы мәртебесін алғалы дәстүрлі түрде бұл мереке атап өтіледі. Биыл да Астана күні республика көлемінде кеңінен атап өттік. Әдеттегідей сән-салтанаты келіскен көрмелер, айтулы күні жер-жерде концерттік бағдарламалар, түрлі шаралар ұйымдастырылды. Биыл да Сарыарқаның төсінен орын тепкен Ел астанасының 25 жылдығына куә болған қазақстандықтар, оның ішінде аудан тұрғындары да бүгінгі Астана Қазақстанның жаңа әлемдегі жарқын бейнесі екенін мақтанышпен айта алды.



Иә, Астана – Тәуелсіздіктің тарихи таңбасы, жарқын болашақтың жол басы. Елорда – ізгі ниеттер мен игілікті істердің, келісім мен көмел ойдың қаласы. Аз уақыттың ішінде серпінді дамып келе жатқан қазақ мемлекетінің баршаға мойындалған елордасы – шын мәнінде ұлттық идея, Қазақстанның кескіні-келбеті. Елорда – тәуелсіздігіміздің бойтұмары, бүкіл қазақстандықтардың ортақ мақтаншы, бағыт-бағдарымызды айқындап беретін бағдаршамымыз, достық пен бейбітшіліктің мекені. Осыған дейін аз уақыт өтсе де, ауыз толтырып айтар асқаған арман-мұраттарының орындалуы десек болады.

Астана – тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің жүрегі. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдан астам уақытында қазақ даласы түбегейлі өзгерді. Сондай үлкен өзгерістердің бірі – астанамыздың Сарыарқаның төріне көшуі. Тәуелсіз қазақ елінің жаңа астанасының бой көтеруі, Астананың Ақмолаға келуі – бабалар рухын қастерлеу, қазақтың онауна ғасырлар бойы асқаған арман-мұраттарының орындалуы десек болады.

Астана – тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің жүрегі. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдан астам уақытында қазақ даласы түбегейлі өзгерді. Сондай үлкен өзгерістердің бірі – астанамыздың Сарыарқаның төріне көшуі. Тәуелсіз қазақ елінің жаңа астанасының бой көтеруі, Астананың Ақмолаға келуі – бабалар рухын қастерлеу, қазақтың онауна ғасырлар бойы асқаған арман-мұраттарының орындалуы десек болады.

Астана – тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің жүрегі. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдан астам уақытында қазақ даласы түбегейлі өзгерді. Сондай үлкен өзгерістердің бірі – астанамыздың Сарыарқаның төріне көшуі. Тәуелсіз қазақ елінің жаңа астанасының бой көтеруі, Астананың Ақмолаға келуі – бабалар рухын қастерлеу, қазақтың онауна ғасырлар бойы асқаған арман-мұраттарының орындалуы десек болады.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ



Астана таңы

Алауауды көргің бе, дос, алабұйық таңдағы. Бұлт үстіне қонан бүркіт, – деп қаласың Жалағаш. Ақтарың бұлт жел көтеріп желіңдей жеңгенің, Елестетер жерден ұшқан көк аспанның белбеуің. Нау астынан көкті көзден атқан алтын доңқа ұқсап, Күн шығары қас сұғудай ерте жайған от құшақ.

Сонда зауыт гудоктары үнін қосып, жар сала, Ден тұрғандай. «Жаңа іске сәт, қайыры таң астана. Дүр сілкініп ала бағы таңғы шықты аунатып, Араласаң, жібермей ме көңіліңді саматып.

Жүндегі өмір тыныстары күндізгімен ұштасып, Көптің бірі – келе жатқан кеңсее мен нық басып. Көкірегіңде жаңа таңның жадыратқан нұры бар. Жемісті еңбек етсең солай жаңың да бір тынығар. Көздің жауын алар көркем астананың әр таңы, Сондай әсем өміріңді алдыңа әкеп тартады.

Жару Қайырбеков

Астана

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам, Қалың жұрт, қазағым қақпа болам. Нау ұстап, тұлпар мінген бабаларым, Бермеген ел намысын жатқа қолған.

Бозоғым, бозбеткейім, баққа оранған, Шариқтың қойнауынан тапқан олжам. Бананы бақтымының бастауындай, Айналың Астанаға аппақ арман...

Жар болып Жаббар Ме жалғыз ғана, Жасырға аяқ бастық, ал біз жаңа. Құрланып сырт айналған сұйық көздер Қарайды әлі саған сәл қызғана.

Көш келгі Қараткеле өр тұғала, Кеңесің ерлеріңнің ел тыңдады. Нау ұласы бой көтергі Жан Кеңенің, Жарасың жарқ-жұрқ еткен ер-тұрманы.

Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын, Қашанда еркіндіктің құны басым. Керіліп көрбейсің далам көсілегі, Сезініп достандықтың шұғыласын!

Сан ғасыр армандаған Алаш бабам, Жалағашы жолт қаратты жаңа Астанам. Бірлікті байрақ етіп болшаққа, Барайын, уа, Жаратқан, жол ші маған!

Қалқаман Сарин

Жаңа Астана

Алау жақтан мойның созып Көкше шың, Санап тұрар әрбір үйдің текшесін. Әр күн сайын бара жатыр ұзарып, Көшелерің тық-тық, басып өкшесін.

Самал желі бұйра талды тарайды-ай, Нау үңгі шамдар-ұжмақтары ардайды. Нау үңгі Астана сұлұлының қызғытпап, Оңға, сола шығып көріп қарайды Ай.

Көк құрақтар Есіл суын көмкеріп, Бойжеткен үй суға көзін төңкеріп. Көшелерден түрегелген фронтандар, Қызғалдақтың күлкисіне өртеніп.

Көріктіген көркі артса неше есе, Сөніп қалам оттарымыз көссес. Шіркін, деймін, мына жерге әкеліп, Есім ханның ескі жолын төссес.

Есілімнің көше сыңды айдыры-ай! Сол көшеге төгілетін ай нұры-ай! Қасым ханның қасқа жолы бір көше, ол да жатса туралықтан айнымай.

Ұлы елің сенім артқан гүл-өңір, Сол жолмен сен де тура жүре біл. Ділі менен тілін сақтап бабаның, Наура жолмен келе жатсын ұлы өмірі!

Оңайғұл Нұржан



Бәрекелді!



Балық аулаудан бақ сынады

– Асан қайғы елдің көшіп отырған тұрмысына қанағаттанбайды, халқының болашағын ойлап қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін жұмақ бар, аты – «Жерұйық». Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы, ру таласы жоқ. Малға жай, елге ырыс осындай мекен барын ғайыптан болжап білген Асан қайғы енді сол жерді іздеп табу үшін желмаяға мініп, төңіректің төртбұрышын кезеді. Жолында кездескен тау, өзен, шұрайлы жерлерге тиісті баға беріп отырады. Ақыры Жерұйықты таба алмай, өксіп дүние кешеді. Ал аңызда Асан қайғының әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткені айтылады. Иә, Сыр өңірі халықтың тіршілік етуіне ең қолайлы, жері шұрайлы мекен болғаны рас, қазірде солай. Сондықтан біз, әсіресе болашақ осы жердің егесі жастар табиғатымызға ерекше ілтипатпен, қамқорлықпен қарауымыз керек, – деген ақсақал қармағын көлге лақтырып қойып, аңыз арқылы жастарға есиетін айтты.

Иә, өткен аптада Астана күніне орай аудан ардагерлері арасында дәстүрлі балық аулау жарысы өтті. Күн ұясынан көтеріле бастағаннан-ақ қармағын асынып, ардагерлер уағдаласқан орынға жинала бастады. Өздері ғана емес нөмере, шеберлерін де ерте келіпті. Жылдағы дәстүрден жаңылмай, балық аулау бәсекесіне барлығы қызу дайындықпен келген.

Ардагерлер арасындағы додаға аудан әкімі Асқарбек Есжанов арнайы келіп, қазыналы қарттарымызға сәттілік тілеп, өмір жолында адал қызмет еткен зейнеткерлеріміздің өңір үшін атқарған еңбегі зор екенін жеткізді.

Айта кетейік, ауданымызда қазіргі таңда 4000-ға жуық зейнеткер бар. Олар 79 бастауыш ұйымда есепте тұрады. Барлығы да өздеріне қамқор болар мекемелер мен ұйымдарға бекітілген. Ауданда бастауыш ардагерлер ұйымына тартылмаған бірде бір зейнеткер жоқ. Барлық ардагерлер ұйымдарының жұмыс істеуіне, өз міндеттерін атқаруы үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Жарыс өте тартысты өтті. Балалық шақтарын еске алса керек, басында белсенділік танытпай тұрған қарттарымыз, уақыт өте қармақтарына жиі балық түсе бастады. Әрине, Сырдарияның сағасында өскен ақсақалдардың балық аулаудың қыр-сырын толық меңгергеніне ешкімнің де күмәні болмады. Сонымен сайыстың қоры-тындысы бойынша Аққыр ауылынан келген 79 жастағы Үсен Шандыбаев есімді қария жүлделі бірінші орынды иеленді.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-04-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмере 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 1075